e.zan
Қазақстан Республикасының электронды нысандағы нормативтік құқықтық актілердің эталонды бақылау банкі
Эталонный контрольный банк нормативных правовых актов Республики Казахстан в электронном виде

Редакциялау күні 10.04.1997
Сақтау күні 28.03.2024
Дата редакции 10.04.1997
Дата скачивания 28.03.2024

Қазақстан Республикасының Парламенті | Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 сәуірдегі № 91 Заңы | Парламент Республики Казахстан

"Азаматтардың жекелеген санаттарына жеңілдіктер беруді ретке келтіру мәселелері бойынша Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы" және "Қазақстан Республикасындағы соттар және судьялардың мәртебесі туралы" Конституциялық заң күші бар Жарлықтарына толықтырулар енгізу жөнінде

1-бап. Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы" 1995 жылғы 16 қазандағы N 2529 Конституциялық заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 21, 124-құжат) мынадай толықтырулар енгізілсін:

30-баптың 2-тармағы:

"Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен және нормалар шегінде" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Тұрғын жайды ұстау мен коммуналдық қызметтер үшін (орталықтандырылған жылу, суық және ыстық сумен жабдықтау, канализация, электр энергиясы, газ, қоқыстан адалау, лифтілерді қамту), ал орталықтандырылған жылуы жоқ үйлерде тұратындарға сондай-ақ отын үшін алдын ала ақшалай төлем түрінде Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген нормалар шегінде және тәртіппен жеңілдіктер беруге жол беріледі".

«ЗҚАИ» ШЖҚ РМК лауазымды тұлғаның ЭЦҚ мәліметі бар QR-код
ҚР НҚА ЭББ-гі нақты құжатқа сілтеу QR-коды

2-бап. Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасындағы соттар және судьялардың мәртебесі туралы" 1995 жылғы 20 желтоқсандағы N 2694 Конституциялық заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 23, 147-құжат) мынадай толықтырулар енгізілсін:

1. 67-баптың 5-тармағы:

"Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен және нормалар шегінде" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Тұрғын жайды ұстау мен коммуналдық қызметтер үшін (орталықтандырылған жылу, суық және ыстық сумен жабдықтау, канализация, электр энергиясы, газ, қоқыстан адалау, лифтілерді қамту), ал орталықтандырылған жылуы жоқ үйлерде тұратындарға сондай-ақ отын үшін алдын ала ақшалай төлем түрінде Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген нормалар шегінде және тәртіппен жеңілдіктер беруге жол беріледі.".

2. 69-баптың 6-тармағы:

"төлеу жөніндегі" деген сөздерден кейін "Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен және нормалар шегінде" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Тұрғын жайды ұстау мен коммуналдық қызметтер үшін (орталықтандырылған жылу, суық және ыстық сумен жабдықтау, канализация, электр энергиясы, газ, қоқыстан адалау, лифтілерді қамту), ал орталықтандырылған жылуы жоқ үйлерде тұратындарға сондай-ақ отын үшін алдын ала ақшалай төлем түрінде Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген нормалар шегінде және тәртіппен жеңілдіктер беруге жол беріледі".

Қазақстан Республикасының Президенті